

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қыркүйектің 23 - 27-сі аралығында Өскемен қаласында аймақтық даму және шекаралық ынтымақтастық форумы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы шекаралық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісі өтті. Форум жұмысына Қазақстан Республикасының вице-премьері Кәрім Мәсімов, Павлодар облысының әкімі Даниял Ахметов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Виталий Метте, Ресей Федерациясы жағынан үкіметаралық қосалқы комиссияның төрағасы Виталий Шипов мырзалар қатысты.

Форумға шақырылғандар арасында Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының өкілдері, Қазақстан Республикасы шекаралық облыстар мен



егін және мал шаруашылығы салаларындағы табыстармен таныстырып өтті. Ауыл шаруашылық құрылымдарын ірілендірудің тиімділігін және осы бағытта істеліп жатқан шаруаларды тілге тиек етті.

В. Метте өз сөзінде былтырғы жылмен салыстырғанда Ресеймен сыртқы экономикалық тауар айналымы деңгейі төмендеп кеткенімен алдағы жоспардың ауқымды екеніне, бүгінгі басталып отырған форумның екі ел арасындағы сауда-саттық байланысын одан әрі жақсартуға игі ықпал ететініне сенім білдірді.

Бұдан кейін шекаралық ынтымақтастық жөніндегі ресейлік жақ қосалқы комиссиясының төрағасы Виталий Шипов сөз алды. Ол бүгінгі үлкен форумға 11 субъектінің өкілдері - Алтай өлкесі, Алтай Республикасы басшыларының, Астрахань, Новосібір, Тюмень, Саратов, Кемерово, Омбы, Самара, Қорған, Орынбор облыстары губернаторларының орынбасарлары келіп отырғандарын хабарлады. Бұл субъектілердің бәрі Қазақстан Республикасымен, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысымен, тығыз экономикалық байланыс жасап келеді. Шекарамыз 6,5 мың километрге созылып жатыр, демек Қазақстан мен Ресей қоян-қолтық араласып жатыр деген сөз. Біздің экспорттағы басты өріптесіміз Қазақстан болып саналады. Өткен жылы Ресейдің Қазақстанмен сауда айналымы 4,7 миллиард АҚШ долларын құрады. Өкінішке орай, деді Ресей делегациясының басшысы, өнім экспорты екі жақта да азайып кетті, оның объективті және субъективті себептері болды. Біздерде жағдайды түзеудің мүмкіндіктері толық бар деп айта аламын. Бүгінгі форум күндерінде екі жақтың комиссия мүшелері қордаланған проблемаларды шешу үшін жұмыс істемек, Өскемендегі бас қосуымыз алдағы сауда-экономикалық байланыстарымызға кең жол ашады деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының экономика және сауда вице-министрі, Қазақстан жағынан шекаралық ынтымақтастық қосалқы комиссиясының төрағасы А. И. Андрищенко форум жұмысын жүргізе отырып, шекаралық ынтымақтастықтағы кейбір проблемаларға, өзара байланыстың жаңа жолдарын іздегіру қажеттігіне тоқталды. Екі мемлекеттің шекаралас облыстары арасында 116 келісімнің және 2008 жылға дейінгі шарттың оңды нәтижелерге жеткізетіндігіне сенім білдірді.

Форум бағдарламасы бойынша аймақтық даму мен ынтымақтастықтың басым бағыттары, дәлірек айтсақ, ғылыми-техникалық, сауда-экономикалық ынтымақтастық, минералдық шикізаттарды, аймақтардың табиғи ресурстарын пайдалану мәселелері талқыланды.

Қазақстан ынта білдірген мемлекеттердің бәрiмен ұзақ мерзімді ынтымақтастық шартына отыруға қашанда әзір. Біздің еліміз тарапынан өріптестерімізге ұсынатын азық-түлік, шикізат өнімдері баршылық. Шығыс Қазақстан облысының да инфрақұрылымы айтарлықтай жетілген. Пленарлық мәжілістер кезінде бизнестегі өріптестермен іскерлік байланыстарды кеңінен өрістетудің мүмкіндіктері жан-жақты сөз болды.

Форумның екінші күні "Аймақтық даму мен ынтымақтастықтың негізгі бағыттары" деген тақырыпта ғылыми-техникалық, сауда-экономикалық ынтымақтастық, табиғи ресурстар мен минералдық шикізат қорларын тиімді пайдалану мәселелері төңірегінде тиімді пайдалану мәселелері төңірегінде әңгіме қозғалып, қорытынды пікірлер айтылды.



Кеңесте сөз алған Қазақстан Республикасы ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Б. Дьячков Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында минералдық шикізат базасын құру мақсатында шекаралас аймақтарға геологиялық зерттеулер жүргізудегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағыттарды саралап, Шығыс Қазақстан облысының түсті металлургия кәсіпорындарын шикізат көзімен қамтамасыз етіп, аймақтағы кен орындарын бірлесе зерттеп игерудегі екі жақтың байланысын арттыра берудің маңыздылығына тоқталды. Новосібір облыстық ғылым, жоғары, орта және арнайы кәсіптік білім беру басқармасы бастығының орынбасары Б. Ивлев кездесуге келгендердің алдында осы облыстың ғылыми-техникалық жетістігі жөнінде баяндап өтті.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Ә. Әбжаппаров "Қоршаған ортаны қорғау - ұлттық қауіпсіздіктің міндеті" деген тақырыпта облыстың экологиялық жағдайы және оны оналтудың жолдары туралы сараптамалық ғылыми тұжырымдама жасап, трансшекаралық аймақтарда жатқан өзендердің суын ластанудан қорғау мәселелерін ортаға салды.

"Алтай өлкелік есептеу палатасы" ААҚ директорлар кеңесінің төрағасы В. Куц біздің облыстағы кедендік тексерулер жүйесі мен жол жағдайын ретке келтірудің қажеттілігі туралы мәселе көтеріп, екі елдегі кеден тәртібін үйлестіре жүргізу туралы пікірін білдірді.

Форумның үшінші күні облыстық әкімшілік үйінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның шекаралас ынтымақтастыққа байланысты қосалқы комиссиясының отырысы болып, онда өткен жылдың қазанында қабылданған екі ел арасындағы шекаралас ынтымақтастық жөніндегі хаттаманың жүзеге асырылу барысы талқыланды. Осы отырыста ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық қосалқы комиссияның төрағасы, ҚР индустрия және сауда министрінің бірінші орынбасары А. Андрищенко мен ресейлік

қосалқы комиссияның төрағасы, РФ экономикалық даму және сауда министрінің орынбасары В. Шипов форум жұмысын қорытындылап, шекаралас ынтымақтастық жөніндегі қосалқы комиссия шешімдерінің хаттамасына қол қойды.

Осыдан кейін шекаралас ынтымақтастық жөніндегі екі жақтың қосалқы комиссиясының төрағалары А. Андрищенко мен В. Шипов форумда көтерілген өзекті мәселелер, оларға байланысты қабылданған шешімдер мен негізгі бағыттар туралы журналистермен баспасөз мәслихатын өткізді.

Комиссия төрағалары кездесуде екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесі ғана емес, сонымен бірге демография және миграция, қоршаған ортаны қорғау, туризм және спорт сияқты саяси, ғылыми бағыттағы іс-шараларды атқарудағы өзара ынтымақтастық байланыстарды нығайту,

осы салалардың жұмыстарын жетілдіріп, ондағы кемшілік, кедергілерді жоюдың жолдары да кеңінен сөз болғанын айтты. Екі жақтың қаржылық және өнеркәсіптік құрылымдарының өзара қарым-қатынасы арта түскен сайын Ресей мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық байланысты да жаңа бағыттармен толықтыру қажеттігі туып отыр. Осыған орай, бұл форумда төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою, ауыл шаруашылығы және жер ресурстарын басқару сияқты бірқатар маңызды мәселелерді бірлесе шешудің тетіктерін айқындайтын арнайы бағыттар қабылданды.

Екі жақтың алдағы уақытта қоршаған ортаны қорғау, экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты атқарар шаралары да аз емес. Форумға қатысушылар Ертіс, Есіл, Орал өзендерін сынап, өзге де зиянды ауыр металлдардан тазарту, шекаралас аймақтардағы жер, су, ауа бассейндерінің ластануы деңгейін зерттейтін біртұтас экологиялық мониторинг енгізу, Каспий теңізін қорғау сияқты бірнеше маңызды экологиялық мәселелерді осы жылдың аяғына дейін ретке келтіру қажет деп тапты.

Форумда Қазақстандағы пайдалы қазбаларды зерттеу жұмыстарын жеделдете жүргізу, ондағы геологиялық барлау жұмыстарын ресейліктермен бірлесе отырып атқарудың да маңызы зор екені ерекше айтылды. Бұл бағытта Қазақстан жағына шекаралас аймақтардағы кен орындарының реестрін жасауды жеделдету міндеті жүктеліп отыр.

Ірілі-ұсақты осындай өзекті мәселелерді қамтыған Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның шекаралас ынтымақтастыққа байланысты қосалқы комиссиясының келесі отырысы алдағы жылдың екінші тоқсанында Ресейде өткізілмек.

Форумға қатысушылар мен қосалқы комиссия мүшелері жұмыс қорытындысы бойынша меморандум қабылдады.

Жанаргүл МҰКАТАЙ,
Мұрат ӘМІРЕНОВ.

СУРЕТТЕРДЕ: В. МЕТТЕ; форумға қатысушылардың бір тобы өзара пікір алмасуда. Суреттерді түсірген Е. ОРЫНБАЕВ.

Ресей Федерациясы субъектілерінің, іскер топтардың, ғылыми және инженерлік-техникалық қоғамдардың өкілдері болды.

Аталмыш шара екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды нығайту, шекаралық ынтымақтастықты одан әрі өрістету мақсатында өткізілді.

Форум жұмысын Қазақстан Республикасының вице-премьері Кәрім Мәсімов құттықтау сөзбен ашты. Қазақстан Республикасының үкіметі атынан сөйлеген вице-премьер бірегей экономикалық аймақтың қажеттігіне, екі ел азаматтарының еркін шекаралық қарым-қатынасының, ғылым мен өндірістің, әлеуметтік-мәдени байланыстарды одан әрі нығайта берудің маңыздылығына тоқтала келіп, келелі жиынға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі В. Метте форумға қатысушыларға облыстың экономикалық, әлеуметтік жағдайынан, табиғи байлығы мен табиғат ерекшеліктерінен қысқаша сипаттама берді, сыртқы экономикалық байланыстардың, оның ішінде Ресей Федерациясымен сауда-экономикалық қарым-қатынастың нәтижелері туралы баяндады.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы, деді В. Метте өз сөзінде, Ресей Федерациясының Алтай өлкесі, Алтай Республикасы, Новосібір, Омбы, Челябинь, Самара, Орынбор, Астрахань облыстарымен тығыз экономикалық байланыстар жасап отыр. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстанның өнімдері Ұлыбританияға, Жапонияға, Америка Құрама Штаттарына, Аустралияға және бірқатар басқа да алыс шет елдерге шығарылады. Өрине, сыртқы сауда-экономикалық байланыста Ресей Федерациясының өзімізбен көршілес облыстары басты орын алады. Біздерді темір жол мен автокөлік жолдары, төрт мың километрге созылған Ертіс өзені байланыстырып тұр, енді Риддер - Алтай Республикасы ас жолын пайдалануға беруді ойластырып жатырмыз. Шульба ГЭС-і шлюзі пайдалануға берілгеннен кейін Ертіспен жүк тасымалы қайтадан қалыпқа келетін болады.

Облыс әкімі жиналғандарды ауыл шаруашылығы саласындағы реформалармен